

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ СЕВЕРО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

2021ж. 26 мамыр № 13

Петропавл қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Петропавловск

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы

Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі - COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104-бабы 1-тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі өңірлік комиссия отырысының 2021 жылғы мамырдағы хаттамасын, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67- АӘКД «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68- АӘКД қаулысын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» қосымшасын енгізу туралы» 2021 жылғы 22 мамырдағы № 22 қаулысын басшылыққа ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2021 жылдың 27 мамырынан бастап Солтүстік Қазақстан облысының аумағында кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет пен халықтың өмірі үшін ерекше шарттармен шектеу карантиндік шаралары жалғастырылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары:

1) көршілеріне, таныстарына, туыстарына, әріптестеріне баруды шектесін;

2) тұрғылықты жері бойынша отбасылық іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;

3) жерлеу шараларын өткізу кезінде, кемінде 2 метр арақашықтықты сақтай отырып, кептеліске жол берілмесін (негізінен отбасы мүшелерінің);

4) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде (құрғақ жөтел, қызба, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т.б.), жедел медициналық көмекке 103-ке қоңырау шалып, медициналық ұйымдарға бармай-ақ, үйде медициналық көмекке жүгінсін;

5) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысының 4-қосымшасына сәйкес, жеке қорғану құралдарын пайдалану мен жоюдың алгоритмін сақтауға міндетті, оның ішінде:

А) бес жасқа толмаған балаларды, сондай-ақ әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, қоғамдық тамақтану орындарында тамақ қабылдау жағдайын қоспағанда, қоғамдық орындарда, халыққа келуге, қызмет көрсетуге және демалуға арналған үй-жайларда, қоғамдық көліктерде медициналық немесе шүберек маскаларын кию міндетті;

Б) тек бес жасқа дейінгі балаларды және әлеуметтік арақашықтық кемінде екі метрді сақтап, 5 адамнан аспайтын жеке, топтық спорт түрлерімен айналысатындарды қоспағанда, ашық аспан астында, қоғамдық орындарда медициналық немесе шүберек маска кию міндетті.

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдері, меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың/кәсіпорындардың басшылары:

1) «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68- АӘКД қаулысының 1- және 2 - қосымшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6 хаттамасының 2.6-тармағын басшылыққа ала отырып, объектілердің, оның ішінде қызметі шектелмеген объектілердің қызметін қайта бастауды.

2) «Қазақстан Республикасы халқы арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67-АӘКД қаулысының, «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68-АӘКД қаулысының талаптарын сақтауды;

3) денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел жәрдем көлігінде, жергілікті атқарушы органдар карантинге бөлген бөлмелерде, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің үйде медициналық көмек көрсетуіне, ошақта эпидемиологиялық зерттеулер жүргізуге, науқастар мен байланыста

болғандармен сұрастыру және сауалнамалар жүргізу кезінде дыбыстық, фото және бейнебақылау жүргізуге тыйым салуды;

4) әсерлі іс-шараларды өткізуге, көрмелер, форумдар, конференциялар, сондай-ақ отбасылық, еске алу шараларын (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу күндері) үйдегі және басқа да көптеген адамдар жиналатын іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

5) тұрғындардың корпоративті, салтанатты, отбасылық және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізуіне жеке үй мен ғимараттарды жалға алуға тыйым салуды;

6) букмекерлік кеңселердің қызметіне тыйым салуды;

7) мерекелік корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды;

8) кеңестерді (отырыстарды) (оларды қашықтықтан форматта өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда) ҚР БМСД № 68 алгоритмді сақтай отырып, 3-қосымшасына сәйкес күндізгі тәртіпте өткізуге рұқсат беруді;

9) колледждер мен жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері үшін екінші семестрінен күндізгі оқытуға рұқсат беруді;

10) Ұлттық құрамалар, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға рұқсат (30 адамнан аспайды, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) беруді;

11) спортшылар мен жаттықтырушылардың COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғандығы туралы құжаттық дәлелдемелер ұсынылған жағдайда, аймақтық командаларды дайындауға арналған оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны шектеулі қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

13) қоғамдық тамақтану орындарында кальян қолдануға тыйым салуды;

14) қоғамдық көліктерге, таксилерге, әуежайларға, аулалық ойын алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық-дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

15) қызметі рұқсат етілген объектілердегі карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылау. Егер бұзушылықтар анықталса, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолдануды;

16) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес критерийлер негізінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу, Ашық жобасына қатысатын және «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық нысандар қызметіне шектеу критерийлері болатын кәсіпкерлік объектілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 22 мамырдағы № 22 «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» қосымшасын енгізу туралы» қаулысының 4-қосымшасына сәйкес қолданылуды **қамтамасыз етсін.**

4. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдері, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), кәсіпкерлік субъектілері өздерінің құзыреттеріне сәйкес шаралар қабылдасын және «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 22 мамырдағы № 22 қаулысының талаптарын сақтауды қамтамасыз етсін;

5. Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Уәлиханов аудандарының, Петропавл қаласының әкімдері, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының басшысы, СЭҚД аумақтық Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Уәлиханов аудандары, Петропавл қалалық басқармаларының, көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшылары, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша іс-шараларды одан әрі күшейту» 2020 жылғы 23 қазандағы № 59-ПГВр қаулысына сәйкес, елге кіруде шектеу шараларын қатаң түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етесін.

6. Ішкі саясат басқармасы:

1) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын (таратсын);

2) 2 күн ішінде БАҚ мен әлеуметтік желілер арқылы қабылданған қосымша шаралар туралы халықты жаппай ақпараттандырсын;

3) өзгеріп отырған жағдайды ескере отырып, БАҚ жұмысын бірыңғай үйлестіруді және орталықтандыруды қамтамасыз етсін.

7. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысы 2-қосымшаға сәйкес, күші жойылды деп саналсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

9. Осы қаулы 2021 жылғы 27 мамырдан бастап күшіне енеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігері**

Ә. Жұматаев

Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы 26 мамырдағы
№13 қаулысына
1-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу критерийлері

№	Объектілер/салалар	Сары аймақ
1.	Өнеркәсіп	Рұқсат беріледі
2.	Құрылыс (үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	Рұқсат беріледі
3.	Егіншілік пен балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	Рұқсат беріледі
4.	Байланыссыз қызметтер (көлік жуу, автокөлік, тұрмыстық техника, сағаттар, телефондар, компьютерлер, аяқ киім жөндеу, тігін ательелері, кір жуатын орындар, химиялық тазалау, кілттер жасау, тұрмыстық үй принципі бойынша қызмет көрсету және т.б.)	Рұқсат беріледі
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтерлік және консультациялық қызметтер, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т.б.)	Рұқсат беріледі
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	Рұқсат беріледі
7.	Медицина ұйымдары, дәріханалар	Рұқсат беріледі
8.	Мұражайлар, кітапханалар	Рұқсат беріледі
9.	Азық-түлік тауарларының сауда объектілері	Рұқсат беріледі
10.	Азық-түлік емес тауарларының сауда объектілері	Рұқсат беріледі
11.	Балаларды түзету бөлмелері, балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары	Рұқсат беріледі топ жиналған кезде – алдын ала жазылу бойынша 15 адамнан аспайды
12.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр қызметтері, косметологиялық қызметтер (алдын ала жазылу бойынша)	Рұқсат беріледі
13.	Халыққа тұрғын үй қызметтерін ұсыну саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторлық-курорттық ұйымдар,	Рұқсат беріледі

	демалыс үйлер / орталықтары, туристік орталықтар және т.б.)	
14.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	Рұқсат беріледі
15.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	Рұқсат беріледі
16.	Медициналық орталықтар, кеңселер, стоматология (алдын ала жазылу бойынша)	Рұқсат беріледі алдын ала жазылу бойынша
17.	Қоғамдық көлік	Рұқсат беріледі (қарбалас уақытта автобустар санының артуы, барлық есіктердің ашылуы, отыру орындарының саны бойынша толтырылуы)
18.	Банктер, ХҚКО, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері	Рұқсат беріледі 9.00-ден 18.00-ге дейінгі шектеу мерзімімен
19.	Мектепке дейінгі мекемелер	Рұқсат беріледі кезекші топтар 25 адамнан аспайтын топтардың толық жиынтығын сақтаған жағдайда
20.	Ұйымдар, офистар	Рұқсат беріледі 50% – қашықтан режимі; 50% - күндізгі режим Қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға жататын ұйымдар, кеңселер іс-шараларды қашықтықтан және толық жұмыс күнінде жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық мөлшерлемесіне қойылатын талаптарды ескермей жүзеге асырады. Сонымен бірге, COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алған және соңғы 6 айда COVID-19-дан айыққан барлық қызметкерлерге толық жұмыс күнінде рұқсат етіледі.
21.	Діни объектілер	Рұқсат беріледі жабық жерлерде ұжымдық іс-шаралар өткізбестен. Мешіттердің, православие шіркеулерінің және басқа да діни объектілердің аумағында ашық аспан астында ұжымдық діни іс-шараларды («жұма намазын», күнделікті православтық дұғаларды және басқаларын қоса алғанда) өткізу маска режимі мен бір адамға 4 метр элеуметтік арақашықтықты ескере отырып жүзеге асырылады.
22.	Мейрамхана, дәмхана және кофейня типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайларда)	Рұқсат беріледі 7-ден 24 сағатқа дейін жұмыс істеуге, толымдығы 50% дейін, бірақ 50 орыннан аспайды

23.	Жазғы алаңдар	Рұқсат беріледі 7-ден 24 сағатқа дейін жұмыс істеуге, толымдығы 50% дейін, бірақ 50 орыннан аспайды
24.	Асхана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері	Тәулік бойы рұқсат беріледі
25.	Стрит-фудтар (бос тұрған шатыр / дүкеншік/ дүңгіршек / отыратын орын жоқ дүңгіршек)	Рұқсат беріледі
26.	Моншалар, сауналар	Рұқсат беріледі жұмыс сағаттары 09.00-ден 24.00-ге дейін қоғамдық моншалардың, сауналардың қызметі. Жеке кабинкалары жоқ, жалпы залы бар қоғамдық моншаларды қоспағанда, жексенбіде қоғамдық моншалар, сауналар қызметін тоқтата тұруды қамтамасыз ету.
27.	СПА-орталықтар, бассейндер	Рұқсат беріледі
28.	Қалааралық / облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	Рұқсат беріледі
29.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес орталықтары	Рұқсат беріледі
30.	СОСО, сауда үйлері, сауда желілері	Рұқсат беріледі толымдығы 30% аспайтын, 1 келушіге 4 ш.м. кем емес
31.	Мәдени нысандар (дайындық)	Рұқсат беріледі 30 адамға дейін
32.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	Рұқсат беріледі толымдығы 20% аспайтын
33.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдау	Рұқсат беріледі 15 адамнан аспайтын, толымдығы 75%
34.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдау	Рұқсат беріледі (15 адамнан аспайтын, толымдығы 75%)
35.	Бильярд орындары	Тыйым салу
36.	Компьютер клубтары	Тыйым салу
37.	Боулинг	Тыйым салу
38.	Балаларға арналған ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), аквапарк	Тыйым салу
39.	Ашық аспан астындағы аттракциондар	Рұқсат беріледі толымдығы 30% аспайтын
40.	Балаларды сауықтыру ұйымдары	Рұқсат беріледі толымдығы 50% аспайтын
41.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	Рұқсат беріледі толымдығы 15% аспайтын
42.	Еске алу шараларын өткізу	Тыйым салу
43.	Банкет залдары	Тыйым салу
44.	Түнгі және ойын клубтары, караоке	Тыйым салу
45.	Әсерлі, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, форумдар, конференциялар, отбасылық, еске алу шаралары	Тыйым салу

Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы 26 мамырдағы
№ 13 қаулысына
2-қосымша

1. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 6 қаулысы;
2. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 7 қаулысы;
3. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 8 қаулысы;
4. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 9 қаулысы;
5. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 10 қаулысы;
6. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 11 қаулысы;
7. Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 12 қаулысы.